

"Теміржол вокзалдарының тізбесін олардың класына сәйкес бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 725 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2022 жылғы 1 желтоқсандағы № 674 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 2 желтоқсанда № 30914 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Теміржол вокзалдарының тізбесін олардың класына сәйкес бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 725 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8830 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Теміржол вокзалдарының класына сәйкес тізбесінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "Кластан тыс" класына мынадай теміржол вокзалдары (станциялары) жатады:

- 1) "Нұрлы жол" теміржол вокзал кешені;
- 2) Астана;
- 3) Қарағанды;
- 4) Алматы 1;
- 5) Алматы 2;
- 6) Ақтөбе."

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрінің міндетін атқарушы

М. Карабаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК